

Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 1145 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 18-02/59 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 12-бабының 17-18) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы жөніндегі қағидалар бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы

№ 1 1 4 5

б е к і т і л г е н

Қ а з а қ с т а н

К. Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы

5

қ ы р к ү й е к т е г і

қ а у л ы с ы м е н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы жөніндегі қағидалар

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексіне сәйкес әзірленді және орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыруды, орман өсіруді және (немесе) орман пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының орман заңнамасы талаптарын сақтауы мақсатында орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (бұдан әрі – ведомство) мемлекеттік орман инспекциясының лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 N 1102 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібі

3. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау:

1) орман өрттері, ағаштың заңсыз кесілуі, орман питомниктерінде орман дақылдарының, қалемшелер мен көшеттердің қурап қалу фактілері бойынша;

2) Қазақстан Республикасы орман заңнамасын бұзу және өсімдіктер дүниесіне нұқсан келтіру фактілері бойынша;

3) Қазақстан Республикасы орман заңнамасын бұзу фактілері туралы жеке

және заңды тұлғалардың арыз-шағымдары бойынша, олардың келіп түсуіне қ а р а й ;

4) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы теріс зардаптарды растайтын орман орналастыру жұмыстарының, орман шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулердің, орман қорын есепке алу мен ормандар мониторингінің нәтижелері бойынша, олардың байқалуына қарай, оларды жою жөніндегі ұсыныстарды ескере отырып;

5) жоспарлы іс-шаралар нәтижесінде анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою туралы берілген ұсынымдардың ұсынымда көрсетілген мерзімде орындалуын бақылау мақсатында тексерулер мен байқаулар жолымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамының (бұдан әрі – лауазымды адам) Қазақстан Республикасы орман заңнамасы талаптарының сақталуын тексеруі ведомствоның немесе оның аумақтық бөлімшесінің басшысы шығаратын тексеру тағайындау туралы актісінің негізінде жүзеге асырылады.

5. Лауазымды адамның байқауы орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы тәртіп бұзушылықтарды анықтау және тыю жөніндегі қорғау іс-шараларын жүргізу кезінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

6. Лауазымды адам қорғау іс-шаралары барысында орман заңнамасының бұзылуын байқаса, орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласында жеке және заңды тұлғалар жүргізіп жатқан жұмыстар мен іс-шараларды тексеруді, сондай-ақ мемлекеттік орман қорының аумағында орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес жұмыстар жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптің сақталуына бақылауды жүзеге а с ы р а д ы .

7. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша лауазымды адам тексеріліп отырған субъектінің немесе оның заңды өкілінің қатысуымен:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш данада Қазақстан Республикасы орман заңнамасының сақталуын тексеру актісін жасайды, онда: тексеріліп отырған субъект туралы негізгі деректер; тексеріліп отырған субъектінің қызметін көрсететін объективті мәліметтер; орман ресурстарын пайдалану үшін негіздер мен рұқсаттардың болуы; бөлінген кеспеағаш қорының көлемі; биоресурстарды пайдалану лимиттері және басқа да қажетті мәліметтер, оның

ішінде Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік-құқықтық актілерінің тармақтарына, баптарына сілтеме жасай отырып, анықталған тәртіп бұзушылықтар және олардың сипаты туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тексеру нәтижелері туралы актінің бір данасы, тексеріліп отырған субъектіде түпнұсқасы бар құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, танысу және анықталған тәртіп бұзушылықтарды (олар анықталған жағдайда) жою жөнінде шаралар қолдану және басқа да әрекеттер жасау үшін тексеріліп отырған субъектіге немесе оның заңды өкіліне тапсырылады;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы орман заңнамасы саласында анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою бойынша ұйғарым жасайды, ол ұйғарымда белгіленген мерзімде орындау үшін міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасы орман заңнамасының анықталған тәртіп бұзушылықтарын жою жөніндегі ұйғарымның бір данасы танысу және анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану үшін тексеріліп отырған субъектіге немесе оның заңды өкіліне тапсырылады (орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері немесе табиғат қорғау мекемесі тексерілген жағдайда ұйғарымның бір данасы бағыныстылығы бойынша жоғары тұрған органның басшысына жіберіледі).

Анықталған тәртіп бұзушылықтар ұйғарымда көрсетілген мерзімде жойылмаған жағдайда тексеріліп отырған субъектіге «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне сәйкес шаралар қолданылады.

8. Орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органның бөлімшелерінде мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүзеге асырылған жағдайда лауазымды адам тексеру өткізілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның басшысына Қазақстан Республикасы орман заңнамасының бұзылуына жол берген лауазымды адамдарды жауаптылыққа тарту туралы ұсыным енгізеді.

9. Әкімшілік құқық бұзушылық фактісі анықталған (байқалған) жағдайда лауазымды адам «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының орман заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы ресімдейді.

10. Бұдан әрі сот органдары қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісі байқалған, бірақ әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жататын тұлға анықталмаған жағдайда лауазымды адам тәртіп бұзушылық фактісі бойынша қажетті құжаттарды жинауды жүзеге асырады.

11. Лауазымды адам қолданыстағы базалық ставкаларға сәйкес залалдың

мөлшерін есептеу үшін белгіленетін, айлық есептік көрсеткіштен жүз есе асып түсетін залал келтірген Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзу фактісі байқалған жағдайда құқық бұзушылықтар туралы материалдарды дереу ішкі істер органдарына береді.

12. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған жеке тұлғаға, заңды тұлғаның заңды өкіліне хаттама толтырылғаннан кейін дереу қол қойғызылып хаттаманың көшірмесі және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің уәкілетті органда немесе лауазымды адамда қаралу орны мен уақыты туралы Хабарлама тапсырылады, ал олар болмаған жағдайларда хаттама мен Хабарлама оларға хаттама толтырылған күнінен бастап үш күндік мерзімде жіберіледі.

13. Жеке немесе заңды тұлғада болған олжалау заттарын – өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін және (немесе) олардың бөліктері мен дериваттарын, құжаттарды және құқық бұзушылықтар құралы мен объектілері болып табылатын заттарды екі айғақ адамның қатысуымен лауазымды адам алып қояды. Бұл ретте осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жеке немесе заңды тұлғада болған заттар мен құжаттарды алып қою хаттамасы толтырылады.

Табиғатты заңсыз пайдалану заты болып табылатын өсімдіктер түрлері және (немесе) олардың бөліктері мен дериваттары туралы мәліметтер түрлері, саны және салмағы бойынша көрсетіледі.

Заңсыз олжаланған өнімде сирек кездесетін және құрып кету қауіпі төнген өсімдіктер түрлері болған жағдайларда түрі мен саны (көлемі) көрсетіліп, тиісті ж а з б а ж а с а л а д ы .

Алу хаттамасына оны толтырушы, тиісті құжаттар мен олжалау заттары алынған адам, айғақ адамдар қол қояды. Жеке немесе заңды тұлға жеке тұлғада болған заттар мен құжаттарды алып қою хаттамасына қол қояудан бас тартқан жағдайда оған бұл жайында жазба жасалады.

Алынып қойылған олжалау заттары мен құжаттарды лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалдар қаралғанға дейін арнайы үй-жайларда (қоймаларда, сейфтерде) сақтайды.

Алынып қойылған немесе тыйым салынған сүректі лауазымды адам қабылдау-беру актісін жасап, уақытша сақтауға жақын маңдағы орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесіне немесе табиғат қорғау мекемесіне береді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалдар қаралғаннан кейін шығарылған қаулыға сәйкес алынып қойылған құжаттар, заттар және сүрек олардың иесіне қайтарылады немесе тәркіленеді, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылады.

14. Бақылау мен қадағалаудың түріне байланысты алдын алу-ескерту сипатындағы олардың өзге нысандары жүзеге асырылған кезде тәртіп

бұзушылық анықталған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғамай, бірақ тексеріліп отырған субъектіге оны жоюдың тәртібі міндетті түрде түсіндіріліп, қорытынды құжаттар (анықтама, ұйғарым, қорытынды және басқалар) жасалуы мүмкін.

15. Ведомствоның аумақтық бөлімшелері шешімдерге шағымданудың және оларды орындаудың қолданыстағы мерзімдерін ескере отырып, анықталған Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзу фактілері бойынша материалдардың әртүрлі инстанцияларда орындалуына және өтуіне мониторинг жүргізеді.

16. Тәртіп бұзушылықтарды есепке алу, тәртіп бұзудың саны, түрлері және орындары бойынша олардың үрдісін талдау мақсатында осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылықтарды, алынып қойылған табиғатты заңсыз пайдалану құрал-саймандары мен заңсыз олжаланған өнімді тіркеу журналы жүргізіледі.

17. Осы Қағидаларда атап өтілген тексеру актісінің, ұйғарымның және басқа да құжаттаманың бланкілері (бұдан әрі – бланкілер) қатаң есептілік құжаттары болып табылады. Лауазымды адамға берілгенге дейін олар қатаң есептілік бланкілерін есепке алу журналына енгізілетін тіркеу нөмірімен нөмірленеді.

Ведомство мен оның аумақтық бөлімшелері бойынша бұйрықтармен бланкілерді сақтау, есепке алу және беру үшін жауапты адам тағайындалады. Бланкілердің болуы мен қозғалысы есептіліктерде көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік
орман инспекциясы лауазымды
адамдарының орман қорын күзету,
қорғау, пайдалану, ормандарды
молықтыру және орман өсіру
саласындағы мемлекеттік бақылау
мен қадағалауды жүзеге асыруы
жөніндегі қағидаларға
1-қосымша
Нысан

(орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің атауы)

(пошталық мекенжайы, телефоны, телефаксы)

**Қазақстан Республикасы орман заңнамасының сақталуын тексеру
актісі**

№ _____

_____ (объектінің орналасқан жері)

20 __ жылы «__» _____.

Мен, мемлекеттік орман инспекциясының лауазымды адамы:

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (бұйрықтың немесе басқа нормативтік құжаттың негізінде)
Қазақстан Республикасы Орман кодексінің талаптарына сәйкес _____

_____ (тексерілетін субъектінің атауы,

_____ пошталық мекенжайы, (тұрғылықты жері)

_____ (тексерілетін субъектінің не басшының тегі, аты, әкесінің аты)

_____ орналасқан жері _____

телефоны: _____ факсы: _____

Қазақстан Республикасы орман заңнамасының сақталуына тексеру жүргіздім.

Тексеру _____

_____ (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

_____ қатысуымен өткізілді, оған _____

_____ (тексерілетін субъекті өкілінің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)
_____ қатысты.

Тексеру кезінде мыналар анықталды: _____

қолдары: _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

_____ данада _____ парақта жасалды.

бірінші дана _____

екінші дана _____

үшінші дана _____

Актімен таныстым және бір данасын алдым 20__ жылғы «__»_____.

Тексерілетін субъектінің өкілі не басшысы: _____

_____ (қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

Тіркеу нөмірі _____

Қазақстан Республикасы мемлекеттік

орман инспекциясы лауазымды

адамдарының орман қорын күзету,

қорғау, пайдалану, ормандарды

молықтыру және орман өсіру

саласындағы мемлекеттік бақылау

мен қадағалауды жүзеге асыруы

жөніндегі қағидаларға

2-қосымша

Нысан

_____ (орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің атауы)

_____ (пошталық мекенжайы, телефоны, телефаксы)

20__ жылғы «__»_____.

Тексеріліп отырған субъектіге:

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Қазақстан Республикасы орман заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою бойынша ұйғарым

№ _____

Ескерту. Нысанға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 N 1102 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20__ жылғы «__» _____ №__ Қазақстан Республикасы орман заңнамасының сақталуын тексеру актісі негізінде мынадай іс-шараларды орындауға **ҰЙҒАРЫМ ЖАСАЙМЫН:**

Р/с №	Ұйғарымның мазмұны	Орындау мерзімі

Осы ұйғарым міндетті түрде орындалуға жатады.

Тексерілетін субъект Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің немесе оның аумақтық бөлімшесінің атына (керегі сызылсын) осы ұйғарымның орындалуы туралы күнтізбелік 7 күн ішінде ақпарат жіберсін. Ұйғарымның орындалмауы немесе тиісті дәрежеде орындалмауы үшін кінәлі тұлға 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 356-бабына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Уәкілетті лауазымды адам _____

20__ жылғы «__» _____ .

Ұйғарымды алдым: _____

(тексерілетін субъект өкілінің не басшысының қолы, тегі, аты, ә к е с і н і ң а т ы)

20__ жылғы «__» _____ .

Тіркеу нөмірі _____

Қазақстан Республикасы мемлекеттік
орман инспекциясы лауазымды
адамдарының орман қорын күзету,

(пошталық мекенжайы, телефоны, телефаксы)

Жеке немесе заңды тұлғада болған құқық бұзушылық құралы немесе объектілері болып табылатын заттар мен құжаттарды алып қою хаттамасы

20 ____

жылғы

«__» _____

(хаттаманың толтырылған күні, орыны)

1. Хаттаманы толтырған адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты

2. Айғақ адамдар (тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжат)

2.1 _____

2.2 _____

3. Құқық бұзушылық құралы немесе объектісі болып табылатын тиісті құжаттар, заттар алынып қойылған адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжат

4. Құқық бұзушылық құралы немесе объектісі болып табылатын алынып қойылған құжаттардың түрі мен деректемелері, заттардың түрі, саны, өзге де сәйкестендіру белгілері туралы мәліметтер _____

5. Алынып қойылған заттар мен құжаттарды сақтау орны

6. Қолдары, тегі, аты-жөні:
6.1 Хаттаманы толтырған лауазымды адам _____

6.2 Айғақ адам _____

6.3 Айғақ адам _____

6.4 Алып қою жүргізілген адамдар _____

7. Хаттама көшірмесін алдым _____

(өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам немесе оның заңды
өкілі, қолы, тегі, аты және әкесінің аты)

8. Алынып қойылған құжаттар мен заттарды тапсырдым _____

(қолы, тегі, аты және әкесінің аты)

9. Алынып қойылған құжаттар мен заттарды сақтауға қабылдадым

(қолы, лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты, қабылдау актісінің
к ү н і , н ө м і р і)

Тіркеу нөмірі _____

Қазақстан Республикасы мемлекеттік
орман инспекциясы лауазымды
адамдарының орман қорын күзету,
қорғау, пайдалану, ормандарды
молықтыру және орман өсіру
саласындағы мемлекеттік бақылау
мен қадағалауды жүзеге асыруы
жөніндегі қағидаларға

5-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылықтарды, алынып қойылған табиғатты заңсыз пайдалану құралдарын және заңсыз олжаланған орман ресурстарын тіркеу журналы

Р/с №	Хаттама толтырған күн, хаттаманы толтырған адамның тегі және аты-жөні	Тәртіп бұзушылықты анықтауға және тыюға қатысқан адамдардың тегі мен аты-жөні	Тәртіп бұзушының тегі мен аты-жөні (лауазымды адамдар үшін – лауазымы және ұйымның атауы)	Тәртіп бұзушылық жасалған және байқалған орын (субъектінің атауы, орамның №)	Тәртіп бұзудың мазмұны	Әкімшілік құқы бұзушылық туралы қаулының нөмірі мен күні
1	2	3	4	5	6	7
	Айып-пұл сомасы, теңге	Залал сомасы, теңге	Заңсыз олжаланған орман ресурстарының құны, теңге	Табиғатты заңсыз пайдалану құралдары және заңсыз олжаланған орман ресурстары алынды	Сактауға қайда тапсырылды (қабылдау актісінің саны және күні)	Табиғатты заңсыз пайдалану құралдары және заңсыз олжаланған орман ресурстары тәркіленді
			құралдардың түрлері және орман ресурстарының атауы	саны және олардың құны	құралдардың түрлері және орман ресурстарының атауы	саны және олардың құны
8	9	10	11	12	13	14
	Табиғатты заңсыз пайдалану құралдары және заңсыз олжаланған орман ресурстары қайтарылды		Табиғатты заңсыз пайдалану құралдары және заңсыз олжаланған орман ресурстары өткізуге берілді		Табиғатты заңсыз пайдалану құралдары және заңсыз олжаланған орман ресурстары қалды	
	құралдардың түрлері және орман ресурстарының атауы	саны және олардың құны	құралдардың түрлері және орман ресурстарының атауы	саны және олардың құны	Табиғатты заңсыз пайдалану құралдары мен заңсыз олжаланған орман ресурстарын өткізуден бюджетке түскен ақша, мың теңге	құралдардың түрлері және орман ресурстарының атауы
16	17	18	19	20	21	22